

асылымызды ұйқылы-ояу халімізбен түсіне алмай дал болдық қой. Осыны бір ойлап, сабақ алсақ етті! Ұлттық сана мен ұлт мәдениеті жолындағы күресте опасыздық пен алауыздық салқыны әлі де жетерлік-ау деп сезіктенесің. Тәуелсіз ел болған қазіргі күйіміздің өзі көп жағдайда көңілге жұбаныш әкеле қоймайды,

Арайлап атқан Тәуелсіздік таңына 30жыл болса да, тіл мәселесі әлі де өз шешімін таба алмай келе жатқаны жанға батады.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы педагогикалық, ағартушылық қызметте жүріп, өзінің еңбектері мен көзқарастары арқылы ұлттың тәрбиесі мен болашағына аса мән берген және нәтижеге қол жеткізу үшін жүйелі түрде зерттеумен айналысып, дәлелдемелер мен тұшымды тұжырымдар жасады. XX ғасырдың ұлы реформаторы болған Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері әлі де зерттеулерді талап етеді.

Бар ғұмырын өзінің туған халқының жарқын болашағы үшін арнаған халық педагогы, ғұлама ұстаз Ахмет халықтың халық болып қалуы, даму үрдісіне тікелей ықпал ететін үлкен күш – тәрбие екенін әбден дәлелдеп шықты.

Ұлы ғұлама Әл – Фараби айтқандай: « Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың хас жауы» екенін айта келе, Ахметтей бабамыздың халқы үшін қызмет етуді мұрат тұтқан абзал азаматтың рухына бүгінгі жас ұрпақ басымызды иеміз және ол кісінің артында қалған рухани мұрасын «көзіміздің қарашығындай сақтап, ұлттың тәрбиесінде қолданамыз» - деп нық сеніммен айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1987.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 384 б.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Қожахметов С. Педагогика мәселелері. Қазақ мемлекет баспасы, - Алматы: 1940ж-1206;
5. Қалиев С, Жарикбаев К. «Қазақтың тәлім – тәрбиесі»-Алматы: 1995ж -346б;
6. Имаханбетова Р А. Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы; - Алматы -2006ж -22-23бб;
7. Тұрғараева Г.М А. Байтұрсынұлының халық ағарту саласына қосқан үлесі; -Алматы - 2007ж-432-437бб.

## **ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНЫҢ ІСКЕ АСУЫ ЖӘНЕ ЗАРДАПТАРЫ**

Әжіхан М.

Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы Батырбекқызы Г.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

[gbatyrbekkyzy@mail.ru](mailto:gbatyrbekkyzy@mail.ru)

Шымкент қ.

XIX ғасырдың екінші жартысында орыс армиясы жергілікті халықтың қарсылығын күшпен баса отырып, қарудың күшімен қазақтың кең даласына шығыс жақтан үңгіп кіріп келді.

XVIII ғасырдың 30-жылдарынан XIX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі кезеңде Қазақстан Ресейге толық қосылып оның отарына айналды. Қазақ мемлекеттігін жойып, сан ғасырлық этникалық территориясының тұтастығы күшпен бөлшектенді.

Патша өкіметі қазақ халқы мекендеген жерді мемлекеттік меншік деп жариялады, оның құнарлы шалғындары мен егістіктерін орыс-казак әскерлері қоныстанушылар игерген аймаққа айналды. Қазақстан территориясы әкімшілік жолмен бөлшектеніп, оның едәуір батыс бөлігі

Астрахань генерал-губернаторына бағындырылды. Солтүстік шығысы Батыс Сібірдің карамағына көшті, оңтүстік аймақтар Түркістан генерал-губернаторлығына қосылды.

1. Далалық генерал-губернаторлығы: Семей және Ақмола облыстары, орталығы Омбы қаласы.

2. Орынбор губерниясы: Торғай облысы, орталығы Орынбор қаласы.

3. Урал губерниясы: орталығы Урал қаласы.

4. Түркістан генерал-губернаторлығы: Сырдария, Жетісу; Ферғана, Самарқанд және Закаспий (Каспий сырты) орталығы Ташкент болды.

Генерал-губернатор тек патшаның өзіне ғана есеп беруге тиіс, патша ғана оларды ауыстыра алды. Отаршыл империясының алғашқы барлаушыларының бірі граф Нессельрод І Николайға жолдаған отарлау жоспарында: «Өкіметтің шекарадан тыс жерге көз тігудегі басты мақсаты-егін егетін жерді игеру. Ол үшін қазақтардың көшіп жүрген мекендерінен кетіп, жерді тазартуын талап ету керек»- деп жазды.

Енді патша өкіметінің қазақтар мекендеген Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарына келімсектерді орналастыруына тоқталайық.

Қазақтарды өздерінің ежелгі ата қоныстарынан қалай қуу қажеттігі мен тәсілдері туралы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай аймақтарын басқару туралы Ереженің» баптарында берілген түсініктемелерінде ашықтан-ашық жазылған. Осы ережелердің 120-бабында берілген түсініктемесінде И.И. Крафт былай деп жазды: «Қырғыз (қазақ) даласындағы орыс халқын онда түпкілікті орналастыру мақсатымен 1835 жылы сол кең-байтақ даланы барынша молырақ қамтыған жаңа Орынбор шекара шебі жүргізілді. Соның нәтижесінде ескі және жаңа шекара шептерінің аралығында пайда болған ұшы-қиыры жоқ алқаптағы мол кеңістік жаңа шекаралық аймақ деп аталып, бұған дейін Орынбор казачествосы әскерлеріне берілген жерлерге қосылды. Ал бұрын бұл аймақтағы көшіп-қонып жүрген қырғыздардың (қазақ) онда уақытша қала тұруына ғана рұқсат етілді. Ал Орынбор әскери губернаторына келешекте қырғыздарды (қазақтарды) түгелдей жаңа шекара шегінің арғы жағына біржолата қуып түгелдей жаңа шекара шегінің арғы жағына біржолата қуып тығуға бағытталған әрекеттер жасау міндеті қойылды.»

Қазақтардың көптеген шаруашылықтары үсті –үстіне жасалған қысымға шыдай алмай, Орал өзенінің арғы жағына өтіп, кең даланың қойнауына сіңіп кетті. Ал өз атамекендерінде уақытша қала тұруына рұқсат етілгендердің жақсы шұрайлы жерлері казачество орналасқан жерлерге өтіп кетті де қазақтар қайыршылық жағдайға душар болды. Мұны патша 1879 жылы жіберген толық дәрежелі мемлекеттік кеңесші Лукашков төрағалық еткен комиссияның өзі анықтайды. Комиссия «әскери басшылық атап көрсеткен жер телімі қырғыздардың (қазақтардың) тұрмысын түзертуге мүлде жеткіліксіз деп тапты» және ол жерлерге бұл аймақтарда қалған қырғыздардың (қазақтардың) бәрін бірдей орналастыру тіпті де мүмкін емес екендігін көрсетті. Нақ осындай жағдай Омбы уезінде де орын алды. Онда Ертістің бойындағы ені 10 шақырым келетін ұзыннан –ұзақ алқып генерал Шпрингердің бұйрығы бойынша қазақтардан тартып алынды.

Патша үкіметі Қазақстанды жаппай отарлауға 1891 жылы кіріскенге дейін-ақ (XIX ғасырдың орта шенінен бастап, орыс, украин халқын Қазақстанға қоныс аударта бастағанға дейін), өзінің мұндағы отаршылдық саясатының негізі етіп қазақтарды байырғы ата қоныстарынан ығыстырып шығарып, ең шұрайлы да құнарлы жерлерді тартып алу міндетін қойды.

Патшалық Ресей үкіметінің әкімшілігі қазақтардан тартып алынған жаңа шекаралық шеп бойындағы жердің бәрін Орынбор казачество әскерлердің түпкілікті меншігіне өткізіп беруге күш салды. Мұның нақты дәлелі 60-90 жылдары осы жөнінде түрлі комитеттер мен комиссиялардың құрылғандығы болып табылады. Қысқаша соған тоқталып өтейік.

Крыжановскийдің басқаруымен құрылған айрықша комитет XIX ғасырдың 70-жылынан бастап жаңа шекаралық шеп бойындағы ауқымды ауданды қамтитын барлық жерді Орынборлық казачество әскерлеріне беру туралы өз ұсынысын жасады. Ал ата қонысынан көшірілетін қазақтарға басқа жерден 750 мың десятина жер беру ұсынылды.

Алайда, қазақтарды ата қонысынан көшіру мәселесін, арада 20 жыл өткеннен кейін ғана патша үкіметі түпкілікті шешті. Осыған орай, тағы бір құжатқа оралайық: II Николай патша 1898 жылы 29-мамырда екі баптан тұратын Министрлер комитеті туралы Ережені бекітті, онда: «Қазақтарға орынборлық әскери басқарма шаруашылығы анықтаған үлестік тиімді және тиімсіз жер көлемі-999003 десятина жер бөлінді» делінген болса, мұнан басқа 53251 десятина жер керуен жолы қамтыған кеңістікті толтыруға қосымша бөлінгені айтылған. Бұл бөлшектенген жерлерді Торғай облысының құрамына қоса есептеу көзделді.

XX ғасырдың басында қазақтарды көшіруге берілген жерлерді қайта тексерістен өткізген арнайы комиссия жарамды деген жерді алып, оны Ресейден жаңадан келіп қоныстанушыларға үлестіру жұмысын кеңінен өрістетті. Осындай жұмыстың нәтижесінде қоныс аударушылар мен Орынбор әскерлеріне тағы да қосымша 10000 десятина жер қазақтардан алынып берілді.

Ресей империясының отарлау аппараты жаңа қоныстанушы казак әскерімен барған сайын күшейтіліп, сан жағынан ұдайы өсіп отырды. Осыған келімсек орыс шаруалар қосылып, жергілікті халық қыспаққа түсті. Үйренген ата қоныстан көшу, ұзақ, қашықтыққа жолға шығу, әсіресе көліксіз кедей шарушаларға олардың отбасына жеңілге соқпады. Қоныс аударушы қазақтарға үкімет тарапынан ешқандай көмек көрсетілмеді, ақшалай жәрдем берілмеді. Торғай облысының және Орынбор әскери басшыларының мақсаты өздеріне бөлініп берілген жерлерден қазақтарды дереу көшіру еді.

Әкімшілік тарапынан белгіленген мерзімде көшіп үлгермеген қазақтар, өздерінің жағдайын айтып, Орынбор әскери атаманына өтініш білдіруге мәжбүр болған. Айталық казак атаманына өздері өтініш білдірген, Жылқулар болысы №8 ауылының қазақтары өздерін ескі тұрақтарында қалдыра тұру әзірге кен орындарында жалданып жұмыс істеуге әзір екендіктері туралы өтініш жазған.

Алайда Торғай облыстық әкімшілігі мен Орынбор әскери-шаруашылық басқармасының бірлескен шешімімен 1902 жылдың 1-маусымында барлық қазақтар жаңа шекара шебі ауданынан көшуге міндетті болды, олар босатқан жерге казачество әскерлері келіп қоныстанған еді. Губернаторлардың бұйрығымен енді қазақтардан ешбір шағым мен өтініш қабылданбайтыны ескертілді. Казачество тарапынан жасалатын қысымға зорлық-зомбылыққа қарсы ешқандай шара қолданбайтыны да ашық айтылды. Осындай жан-жақты қыспаққа түскен казак ауылдары казак қонысына станцияларға малмен кәсіп жасайтын кәсіпкерлерге жалдана бастады. Сөйтіп, қазақтың қалың бұқарасы екі жақты қанауға ұшырады. Ішкі істер министрлігіне жолдаған хатында қазақтар: «Суық түсті, киіз үймен көшіп жүрміз, суықтан жас балаларымыз тоңып қалтырауда. Қиындыққа жоқшылыққа душар болдық. Аревдатор Байдин бізді өзіміздің жерге жібермей қойды», -деп мұңаяды. Мұның өзі тек бір ғана ауылдың тұрғындарына тән нәрсе мес еді. Бұл тұтас өлке тұрғындарына кез болған нақты құбылыс еді. 1903 жылдың көктемінде Жаңа шекаралық шеп өтетін ауданнан көрсетілген мерзімде қоныс аудара алмаған үй түгін саны шамамен 2250-ге жетті. Енді әкімшілік оларды зорлық-зомбылықпен көшірді. Патшалық жергілікті өкімет орындары қалай болғанда да қазақтарды арнайы бөлінген жерлерге көшіруді дер кезінде орындауға барлық қолдағы мүмкіндігін жұмсап бақты. 1904 жылдың қарашасында Қостанай уезінің бастығы Торғай облысының губернаторына берген мәлімдемесінде: «қазақтарды өздері арнайы бөлінген бөлісті миллиондыққа көшіру – мәжбүр ету, полициялық күштеу шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылды», деп жазды. Осы тұста қазақтарды өз ата-қонысынан жаңа шекара шебі өтетін аудан маңынан 100-150 шақырым қашықтықта аулақ көшіру мәселесі қаралып, белгіленген мәслихат жұмысына арнайы шақырылған ірі байлар тобы, әулетті азаматтар: Алдияров, Сарыбаев, Ө.Беркімбаев және т.б. ел ішінде бүлікті болдырмай, елді одан сақтап қалатыны көрсетілген.

Самодержавиенің қазақтарға ұстанған саясаты негізінде 1917 жылы Орынбор казак әскери округінде 958 генерал, офицер, шенеуніктерде 367198,5 десятина жер болды. Олардың әрқайсысы (еркектерден ғана есептегенде) орташа есеппен 318 десятинадан иемденді. Бірінші округте жалпы жер көлемі 17 90192 десятина болатын 331 офицер участогі болды немесе

орташа есеппен әр еркек жыныстыға 540 десятинадан жер иемденді, кейбіреулері 3000 десятинадан жоғары жер иеліктерін алды.

#### Список литературы

1. Қазақстан тарихы, Алматы, 2010 г.
2. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк), Алматы, 1994г.
3. Казахское-русские отношение в ХҮІ-ХҮІШвв, Алматы 1961г.
4. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен), Алматы, 1993г.

### **ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В САРЫАРКЕ И ИХ ПОСЛЕДСТВИЯ В 30-40-Е ГОДАХ**

Әлжанова М.

Научный руководитель м.г.н. ст.преп. Малаев Д.Б.  
Карагандинский Университет им.Е.А.Букетова  
Караганда

В настоящее время республике проводятся масштабные работы по исследованию данной темы. В начале изучения мы обратили внимание на монографию Т.Омарбекова. В ней дан развернутый историографический обзор значительного комплекса литературы, вышедшей в 1920-1990-е гг. по ключевым проблемам социально-экономических процессов, протекавших в Казахстане в 1920-1930-х гг.: политика «Малого Октября», конфискация имущества баев, коллективизация и оседание кочевого населения, голод 1933 гг. В обзоре представлены суждения относительно характера и этапов развития историографии, дана критическая оценка тех или иных исследований и лишь попутно затронуты моменты, связанные с изучением темы.

Познакомились трудами известного историка Т.К.Алланиязова. Нам понравилась его статья «История вооруженных выступлений и повстанческих движений 1931 годов в Казахстане в новейшей литературе (2001-2021 годы.» [1]. Работа написана на высоком уровне.

При написании статьи мы использовали материалы исследования реабилитационной комиссии по Карагандинской области полной реабилитации жертв политических репрессий проводилась согласно Указа Президента РК № 456 от 24 ноября 2020 года.

Как уже известно, в нашем регионе располагался исправительно-трудовой лагерь КарЛАГа. С 1930 по 1959 год он был одним из крупнейших исправительно-трудовых лагерей в системе ГУЛАГА НКВД СССР.

В настоящее время учеными региона рассматриваются документы более тысяч заключенных.

В архивах найдены документы об массовых крестьянских протестов против насильственной политики советской власти. Личные документы зажиточных людей на то время, то есть бай, кулаки, феодалы (средняки) и представители духовенства разасматриваются индивидуально.

В архиве есть сведения о насильственно депортированных и спецпереселенцев в Казахстан. В период 1939-1945 гг. необходимо определить общее количество наших соотечественников, попавших в плен к фашистской Германии, Финляндии и других европейских стран, а также в «Туркестанском легионе». Сейчас найдено около шестидеяти имен военнопленных.

Кроме того, в результате различных насильственных политических кампаний 1916-1930-х годов, карательных действий государства и политических репрессий властей во время голода казахские беженцы были вынуждены покинуть Казахстан. Вопросы о том, сколько их, где и как, беспокоят ученых и потомков.